

Сайлан Б.  
**Жеңіске 70 жыл.  
Қазақстандықтардың  
Белоруссияны азат ету  
жолындағы күресі мен  
ерліктері**

1941-1945 жж. Герман фашизмі мен Кеңес Одағы арасындағы соғысқа Қазақстан халқының төрттен бірі аттанды. Бұл соғыста жеңіске жетуде Қазақстандықтар жанқиярлық танытты. Қазақстандық құрамалардың жауынгерлік жолы 1941 жылғы қаһарлы шақта Мәскеу түбінен басталып, 1945 жылы көктемде Берлинде аяқталды. Олар Ленинградты қорғады, Сталинградтың түбінде, Курск иінінде шайқасты, Украинаны, Белоруссияны, Молдованы, Балтық елдерін азат етті, Еуропа халықтарын да фашистік езгіден құтқарды. Мақаланың негізгі мақсаты осы шайқастардың ішіндегі Белоруссияны фашист басқыншыларынан азат етуге қатысқан қазақстандық әскери құрамалар мен жауынгерлердің ерліктерін көрсету. Белоруссия жерін жау әскерінен тазарту жолындағы әскери операциялар барысындағы қазақстандықтардың өжеттілігі мен батырлығын дәріптеу.

**Түйін сөздер:** Соғыс, қолбасшы, офицер, жауынгер, орден, батыр, қазақ.

---

Sailan S.  
**Heroism of Kazakhstan citizens  
in fight for independence of  
Belarus**

In 1941-1945 years for war between the Soviet Union and the German fascism it was sent a quarter of the population of Kazakhstan. During war they showed big courage in fight for a victory. Their military way began in 1941 near Moscow, and finished in spring of 1945 in Berlin. They protected Leningrad, fought near Stalingrad and the Kursk arch. Freed Belarus, Moldova and the countries of the Baltic Sea. Also rescued Europeans from influence of fascism. A main goal of this article is to show heroism of the Kazakhstan soldiers in liberation of Belarus from fascist aggressors, and also their courage and firmness during operations on release of their territory.

**Key words:** war, general, officer, fighter, order, the hero, kazakh.

---

Сайлан Б.  
**Подвиг и героизм  
казахстанцев в борьбе  
за освобождение Белоруссии**

В 1941-1945 гг. на войну между Советским Союзом и немецким фашизмом было отправлено четверть населения Казахстана. В ходе войны они показали большую отвагу в борьбе за победу. Их военный путь начался в 1941 году под Москвой, а закончился весной 1945 года в Берлине. Они защищали Ленинград, воевали под Сталинградом и Курской дугой. Освободили Белоруссию, Молдову и страны Балтийского моря. Кроме этого, спасли европейцев от влияния фашизма. Главной целью данной статьи является показать героизм казахстанских солдат в освобождении Белоруссии от фашистских захватчиков, а также их мужество и стойкость в ходе боевых операций.

**Ключевое слова:** война, полководец, офицер, боец, орден, герой, казах.

**ЖЕҢІСКЕ 70 ЖЫЛ.  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР-  
ДЫҢ БЕЛОРУССИЯНЫ  
АЗАТ ЕТУ  
ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ  
МЕН ЕРАІКТЕРІ**

Биыл Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 70 жыл толды. Ұлы Отан соғысында қазақстандықтар майданның барлық шебінде алдыңғы қатарда соғысты. Сол майдандардың бірі Белоруссияны фашист басқыншыларынан азат ету еді. Бұл майданда да қазақстандықтар өз өжеттіліктерін танытты.

1944 жылдың 23 маусымы – белорус халқының өміріндегі есте қаларлық күн болды. Өйткені, дәл осы күні Кеңестік Армияның үлкен күштері фашизмге қарсы азаттық шабуылға көшті [1, 382-б.].

Белорусия жерін азат ету операциясы – Ұлы Отан соғысында 1944 жылы 23 маусымнан 29 тамызға дейін Кеңес қарулы Күштері жүргізген аса ірі стратегиялық шабуыл операцияларының бірі. Беларусь операциясының мақсаты жаудың «Орталық» армиясы тобын құртып, Белоруссияны азат ету болды. Белоруссияны фашистік басқыншылардан босатқан Кеңестік Армияның қатарында Қазақстандық әскери құрамаларда болды. Олар: 88-ші атқыштар дивизиясы, 209-шы атқыштар және 173-ші ауыр артиллерия мен 129-шы миномет полктері еді [2, 254 б.].

23 маусым күні 8 сағат 40 минутта кеңестік әскерлер шабуылы басталар алдында кеңестік авиация мен артиллерияның алғашқы соққысы жаудың қорғанысын толық талқандап, көптеген әскерлер мен офицерлерді жауынгерлік саптан шығарып тастады. 88-дивизия екінші күннен бастап, екі атқыштар полктарының көмегімен, атап айтқанда 161-ші подполковник И.В.Садковский мен солтүстік-шығыстағы подполковник П.Д. Юзваканың 426-шы атқыштар полкының жәрдемімен Неман өзенінен өтуге кірісті. Ол үшін, балықшы қайықтары мен сал, шатыршалар мен атқыштар бөлімшелері қарсыластардың отынан өтіп, өзен арқылы плацдармдарға жетіп, оларды басып алды. Кейінірек дивизия көршілерінің көмегімен Шығыс Пруссияға аймағындағы Гольдап қаласына жол тартты (Голдап, Польша). Шабуыл кезінен бастап плацдармдарға дейін олар шамамен 600 км жерді басып өтті. Оларға ерекше мадақпен «Витебскілік» деген атақ берілді, ал 426-шы атқыштар полкі «Минскілік» болып, Қызыл Ту орденімен марапатталды [2, 255 б.].

Белорус жерін жау қолынан азат етуде қазақстандықтар арасында көптеген майдангерлер ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Бар мәліметтер бойынша шамамен 78 қазақстандық әскерлер

Кеңес Батыры атағына ие болды. Қысқаша келесі қазақстандық белорус жерлерін азат еткені үшін Кеңестік батыр атағына ие болған кейбір қазақстандық батырлар мен офицерлерді айтып өткен жөн.

**Суханбаев Ақаділ** – Кеңес Одағының батыры. Белоруссияны басқыншылардан тазарту барысында Гродно қаласын жаудан азат ету үшін болған шайқаста асқан өжеттілік танытқан алаш перзенті. 1944 жылы 16 шілдеде Кеңес әскерлері Гродно қаласына қарай қызыл жебедей атылды. Солардың бірінің ұшы 628-ші Қызылтулы қаланы алғанмен кейін Гродно аты берілген атқыштар полкы болатын. Оның құрамындағы Ақәділдің автоматшылар бөлімшесі 16 шілденің кешіне қарай қала сызығын бірінші болып аттады. Ұрыс барысында жаудың екі зеңбірегін тартып алып, расчетті жер жастандырды, Неман өзені көпіріндегі бірнеше атыс ұяларын жойды. Фашистерден азаттық алған гроднолықтардың алғаш құшақтап сүйгендері де солар болды. Бірақ, ол сол сағаттарда жауға деген өшпенділікке ғана емес, күллі жарық дүниеге деген жүрегінің соңғы рет соғуына дәл екі-ақ апта қалғанын білмеді.

А. Суханбаев ротасы 1944 жылы 31 шілде күні Стежельцовизне деревнясына жақын жерде кезекті бір жан-алысып жан-беріскен шайқаста бақилық болады [3]. 1945 жылғы 28 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен А.Суханбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал туған халқы өз перзентінің ерлігін мемлекеттің ең жоғарғы органынан да бұрын бағалаған-ды. «Қарасу» колхозы мен батырдың оқыған мектебін Суханбаев атымен атап қойған. Одан біраз кейінірек Гроднодағы негізгі көшелердің біріне аты беріліп, Друскининкайда шағын мұражайы ашылды. Жамбылда, Алматыда Суханбаев көшелері пайда болды [3].

**Масин Темір Жантекеұлы** – Кеңес Одағының батыры. Ол Батыс Қазақстан облысының Орда ауылының тумасы, Минсктің шығыс жағында болған ұрыста ерекше батылдық танытып көзге түсті. Майданға ол алдымен мұғалім одан кейін партия жұмысшысы болған қатардағы жауынгер ретінде қатысты. Ал 1944 жылдың маусым айына қарай 250-ші атқыштар дивизиясының 922 атқыштар полкінің рота командиріне дейін көтерілді. Старо-Мартьяновка ауылында ол өз ротасымен Могилев-Минск жолын жауып, қарсыластарының батысқа жылжуына жол бермеді. 350-ге жуық қарсыластар әскері осы шайқас барысында қаза тапты, бірақ фашист басқыншыларынан ешкім рота қоршауын бұзып шыға алмады. Қазақ жігітінің осындай ерен ерліктері

Жоғары қолбасшылықтың назарына алынып, ол батыр атағына ұсынылды. Дегенмен, қазақ батыры өз ерлігін соғыстан кейінгі тыныш күндері өткізген болатын. 1947 жылдың жаз айының бір күнінде орманда өрт басталды, Тайпақ аудандық партия комитетінің хатшысы запастағы майор Темір Масин осы өртті өшіруді ұйымдастырды. Өртті сөндіргенімен, батырдың бойындағы өрт шарпыған жаралары жазылмай, артынан осы күйік салдарынан көз жұмды [4].

Шығыс Қазақстан облысы, Мұрат ауылының тұрғыны офицер **Балтабек Жетпісбаев** Каунас қаласының іргесінде ерен ерлік жасаған [5, 109 б.]. 1931-1937 жж. қазақ ұлттық атты полкінде қызмет еткен, басмашылармен ұрысқа бірінші рет қатысқан. Соғыс алдындағы жылдарда ҚазССР Осоавиахимнің Орталық Кеңесінің әскери дайындық бөлімі басшысының орынбасары болып жұмыс істеген. Соғыс кезінде Б.Жетпісбаев Панфилов дивизиясында қызмет еткен, алдында полк комсоргы, одан кейін батарея мен атқыштар батальонының комиссары болған. Ол жау танкін алғаш рет атып түсірген жауынгерлердің бірі болған, саптан шыққан офицерлердің орнына бөлімшелерді басқарған, барлау тобының басында жау тылына еніп, ротаны қоршаудан шығарған. 1943 ж. жарақат салдарынан емделуден кейін Б.Жетпісбаев 3-ші гвардиялық артиллериялық дивизияға дивизион командирінің орынбасары ретінде келген және де Белоруссияны фашист басқыншыларынан азат етуге қатысқан. Литва жеріне ол майор және дивизион командирі ретінде кірген [5, 113 б.].

Белоруссияны азат етуде әуе шабуылында да ұшқыш-қазақстандықтардың көбі соғысты. Жамбыл облысы, Михайлов мектебінің түлегі лейтенант **Шикінбаев Әбіке Медеуұлы** өз жауынгерлік жолын Белоруссия жерінде бастаған [6, 98 б.]. 1944 жылдың 17 маусымында ол Могилев бағытында соғыс жүргізген 220-шы шабуыл авиадивизиясының 7-ші гвардиялық шабуыл авиаполкіне келген. Тәжірибесі мен шеберлігіне қарамастан әуе жауынгерінің алғашқы соғыс қимылы оңайға соқпады. «Багратион» аталатын соғыс операциясының үшінші күнінде А.М.Шикінбаев ұшқан «ил» төрттігіне жаудың 8 әуе жойғышы шабуыл жасаған. Олардың барлығына қиын болды, әсіресе – жаңа ұшқышқа. Тек өз-өзін ұстау, шебер әрекет жасау және достардың қолдауы оған фашистер отынан шығуға көмектескен. Бір айдан кейін 24 шілде күні Супрасль өзенінен батысқа қарай (Польшаның Белосток территориясында) оның ұшағын жау зенитшілері атып түсірген. Шикінбаев бұл өлім қаупі бар

жағдайда сасқалақтамай, әуе бомбаларын белгіленген нысанаға дәл түсіріп, ұшақ кабинасынан секіріп, парашютпен астық алқабына қонған. Қараңғы түскенде, ұшқыш шығысқа қарай жүріп отырып, төртінші күні ол бөлімге оралған. Ал 1944 ж. қазан айының аяғында А.М. Шикінбаевтың 30 рет жауынгерлік тапсырмамен әуеге көтерілген. Әуеден бомба тастау және пулеметпен атқылау арқылы екі өткелді, оқ-дәрі қоймасын, паровозды, 2 бронды транспортерді, шамамен 30 автомашинаны және 200-ге дейін жау әскерінің көзін жойған. Осы ерліктері үшін А.М. Шикінбаев Қызыл Жұлдыз және Қызыл Ту ордендерімен марапатталды [6, 98 б.]. Өкінішке қарай атамызға батыр атағы бұйырмады.

Белоруссия жерінде көптеген қазақстандықтар басқа ұлт жауынгерлерімен бауырласып кетті. Носовичи деревнясы үшін болған ұрыста атқыштар ротасының парторгы аға сержант **Ж. Исбасов** жараланған взвод командирін алмастырып, жауынгерлерді шабуылға бастады да жауынгерлік тапсырманың орындалуын қамтамасыз етті. Оның омыруында III дәрежелі Даңқ ордені мен американдық «Күміс жұлдыз» медалі тағылды [6, 97 б.]. Барлаушы **К. Бекішев** шабуыл қарсаңында төрт тыңшыны тұтқындады, олар өздерінің қорғаныс шебі туралы құнды мәліметтер берді. Ер жүрек жауынгер III дәрежелі Даңқ орденіне қоса осы құрметті солдат награда-сының II дәрежесін де алды [6, 97 б.].

Белоруссия мен Балтық бойы жерлерін әуе шабуылы арқылы азат еткен қазақстандықтар арасында Кеңес Одағы Батыры атағын екі рет иеленгендер бар. Олар жойғыш-ұшқыштар Л.И.Беда мен И.Ф.Павлов.

23 маусым күні Л.И.Беда өз тобындағы әскерлермен бірге шығыс Орша аумағындағы қарсыластардың орын тепкен жеріне 2 рет ұшады. Бір күннен кейін, анықталған жерлерге бомба түсіріп, 8 от ошақтарын тудырып, 20 вагоны бар паровозды жояды. Әрбір ұшақпен көтерілген кезде Беданың әскери санаттары мен марапаттары өсе бастады. 8 шілдеде ол Александр Невский орденімен, 24 қазанда Прибалтикалық операциялар жүзеге асқан уақытта 3-ші рет Қызыл Ту орденімен, ал 1945 жылдың 29 маусым айында ол екінші рет Кеңес Одағы батыры атағын иеленген. Соғыстан кейінгі уақыттарда ол полкті, дивизияны және Белорус аумағындағы Әскери-әуе күштерін басқарды. Осы қызметінде жүрген генерал-лейтенант Л.И. Беда 1976 жылдың желтоқсан айында қаза табады [7, 17 б.].

Л.И. Беданың өмір жолымен ұқсас өмір кешкен тағы бірбатыр Иван Фомич Павлов еді, ол да

Қостанай жерінен шыққан Борисово-Романовка елді-мекенінің тумасы болатын және дәл бір сол Орынборлық авиаучилищесінің түлегі еді. Белорустік операциялардың бастамасында 6-шы гвардиялық Суворов орденді Мәскеулік Қызыл-тулы шабуылдаушы авиациялық полк командирі И.В. Павлов әуеде 130-дан астам рет жауынгерлік тапсырманы орындау үшін аспанға көтерілді. 2 рет Ленин, 2 мәрте Қызыл Ту, Александр Невский, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен марапатталған. 1945 жылы 23 ақпанда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы коммунист И.Ф. Павловты екінші «Алтын Жұлдыз» медалімен марапаттады [7, 75 б.]. Соғыстан кейін И.Ф. Павлов М.В. Фрунзе атындағы әскери әуе академиясына жіберіліп, 1949 жылы аяқтайды.

Белоруссияны азат ету соғысына ерлермен бірдей қазақстандық әйелдер мен қыздар өжеттілік танытты. Барлық дерлік қауіпке ең алдымен дәрігерлер мен медбикелер ұшырады және де сол жердегі жауынгерлердің өмірі мен денсаулығына жауапты болды.

Ғабитова Мая Ғабитқызы соғыстың бірінші күндерінде-ақ медбике мамандығын оқып бітірді. Тек Гомелдегі шайқаста ол ұрыс алаңынан жарақат алған 57 жауынгерді шығарған және өзі үш рет жарақаттанған. Үйге мүгедек болып оралады, жазылғаннан кейін Арыс қаласындағы теміржол ауруханасына жұмысқа тұрды [6, 94 б.].

Алматылық Майра Мухамеджанова 1944 жылдың маусым айында Борисов қаласында Березина арқылы қысқа мерзімді паром өткелін бағыттау бұйырылған 90-шы көпір құрылыс батальонына қызмет көрсетті. Өткел көптеген қуатты жаудың әуе шабуылына ұшырап және медбике жараланғандарға дереу көмек көрсетіп, қауіпсіз жерге тасымалдады. Бірақ әуе бомбаның жарықшақтары оның өзін де аяған жоқ, екі жеңіл және бір ауыр жарақат алған оны көпір құрылысшылары дереу ауруханаға жеткізді [6, 317-319 б.].

Зениттік артиллериялық полктің бірінде Астрахань, содан соң Гомел аспандарын Қызылордалық Сара Мунтаева, Полина Кузнецова, Зоя Соловьева күзеткен. Сара Мунтаева жеңіс күнін көре алған жоқ, ол босатылған Гомельге бомбамен қаруланған немістердің шабуылы кезінде қаза тапты [8].

Шыңғыстаулық Баян Байгожинада Белоруссиянда жаумен алысқан қазақ қыздарының бірі. Бірінші марапаты – Қызыл жұлдыз ордені – оны 1944 жылдың басында Батыс Двинасы арқылы өтетін көпірді қорғаған кездегі жітілік пен батылдығы үшін алған. Қарауылда тұрған ме-

зетте өткелден өткен екі шаруаның шанасында, олар апара жатқан сабанның жоқтығын байқады. «Токта» деген бұйрыққа көңіл бөлмей, қадамдарын жеделдетті. Сонда Баян біреуін атып, жаракаттады, екіншісі екі қолын көтеріп тұра қалды. Екеуі де диверсант болып шықты. Кейіннен осы оқиғадан кейін, Б. Байгожина өзінің дегеніне жетіп, атқыштар бөлімшесіне ауыстырылып, мерген болып қызметін жалғастырды. Соғыстың соңғы шайқастарында Байгожина 15 фашисті атып, тағы да 2 орден иеленді – III дәрежелі Даңк ордені және II дәрежелі Ұлы Отан Соғысы ордендерімен марапатталды [9].

Белорус жерінде мерген болып Қарсақбайдан құрбылар А.В. Ефимова мен З.Н. Трубина, Жамбыл облысындағы Буденновка ауылынан А.А. Кошева, Орал жерінен М.Г. Тохтамышева шайқасты. Олардың барлығы орталық әйелдердің мергендер мектебін бітіріп, 1944 жылдың наурыз айынан бастап Оршанск бағытында соғысты.

Ефрейтор Малика Гумарқызы Тохтамышева 1944 жылдың 14 маусымына қарай 31 басқыншыны атып, бірақ соңында өзі басында өлімдік жаракат алып, ауруханада қаза болды. Қалғандары Жеңіс күніне дейін майдангер қатарында қалды. Олардың жауынгерлік еңбегін Отан медаль және ордендермен бағалады. Қазақстаннан майданға барған бұл қыздар өздерін нағыз патриот және отаншыл екендігін көрсетті. Республикадан тыс құрылған құрамалар мен бөлімдердегі жауынгер-қазақстандықтардың белорус жерін босату кезінде жасаған жауынгерлік істері көп [10].

3 шілде де Минскіде күні бойы ұрыс жүрді. Тек кешке қарай ғана ол жаудан түгелдей тазартылды. Белоруссия астанасы шаттыққа бөленді. Тұрғындар өзінің азат етушілерінің алдынан гүлдер алып шығып, қарсы алды. Бүкіл қала жаракаттанып, көптеген үйлер құлап, үйінді болып немесе жалын алып, лаулап жатса да, Минск тұрғындарының жүздерінен бақыт оты жайнады. Жұрт қуаныштан көздеріне жас алды.

Шабуыл жасаушы әскерлерге белорус халқы, ең алдымен партизандар баға жеткісіз көмек көрсетіп отырды. Партизандар темір жолдардың 40 мыңнан атсам рельсін қиратып, жаудың 147 эшелонын құлатты, дұшпанның тәртіппен шегінуіне бөгет жасады. Олар өзендерді, өткелдерді ұстап тұрды, елді мекендерді азат етті, Кеңес қолбасшылығы бағалы барлау ақпарларын жеткізді. Операцияға 142 партизан бригадасы, 38 отряды (барлығы 143 мың адам) қатысты. Олардың қатарында көптеген қазақстандықтар ерлікпен шайқасты.

Белоруссия территориясын жаудан азат етуге де қазақстандық партизандар үлкен үлес қосты. Тек 1941 жылы Брест облысындағы Старосельск орманында 9 қазақстандық партизан жаумен шайқасты. Белоруссия территориясында ерлікпен шайқасқан отандас партизандар: Ф. Озмитель, Ғ. Омаров, Н. Қайсеитова, Н. Салықов, Х. Исмағұлов, Н. Сыдыкова, М. Стрельников, И.А. Булаев, И. Данияров, И.А. Ерещенко, К. Темирханов, Е. Балабеков, Т. Жұмабаева және т.б. Смоленск облысында құрылған партизан бірлестіктерінің құрамы 45 ұлт өкілінен тұрды. Соның ішінде 2-Кляжнянск партизан бригадасында 19, С. Лазо атындағы партизан полкінде 40, ерекше партизан бірлестігі «Тринадцать» құрамында 48 қазақстандық болды. Смоленск облысында қазақстандық партизандар А. Шарипов, Ж. Агадилов, И. Өтебаев, М. Мұқанов, А. Төлегенов, Қ. Ахметов және т.б ерлікпен көзге түсті [11].

Белорус операциясының барысында Белорус толық, Латвия, Литваның біраз бөлігі және Польшаның шығыс аудандары азат етілді. Жаудың ең күшті тобы – «Орталық» армиясы талқандалды. Жаудың 17 дивизиясы мен 3 бригадасы толық жойылды, Белорус операциясындағы Кеңес әскерлерінің тамаша жеңісі жауынгерлердің отанға шексіз берілгендігін және рухани-моральдық бейнесінің артықшылығын көрсетті. 402 мыңнан астам жауынгер, офицерлер мен генералдар орден және медальдармен марапатталды. Белоруссияны азат етуге қазақстандық 8, 30-гвардиялық, 391-ші және 310-атқыштар дивизиялары қатысты. 8-гвардия атқыштар дивизиясы Риганы азат еткені үшін Суворов орденімен марапатталды. Белорус операциясында ерлікпен шайқасқан І. Айтықов, А. Жанұзақов, Ж. Асаналиев, С. Әбдіжапаров, С. Әшіров, М. Қайырбаев сияқты қаһарман қазақ жауынгерлеріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Дәл осы күндерде кеңестік әскери қарауылшылар Белоруссияда қолға түскен 57 600 тұтқын фашист солдаттары мен офицерлерін Москва-ның кең көшелерімен айдап өтті [1, 389-б.].

Белоруссиядағы 23 маусымда басталған аса зор шабуыл 1944 жылғы 29 тамызда аяқталды. Бұл Кеңес Қарулы Күштерінің Ұлы Отан соғысындағы ең ірі операцияларының бірі болды. Шабуыл жасаушы кеңес әскерлерінің құрамында, ұрыстардың барысында келген резервтерді, сондай-ақ оның тылындағы бөлімдерді қоса алғанда, 2 500 мыңнан астам адам, барлық калибрдегі 45 мыңнан аса зеңбірек пен миномет, 6 мыңнан астам танк пен өздігінен жүретін қондырғысы, 5 мыңдай соғыс ұшақтары болды. Белоруссияда,

Литвада және Польшада ойдағыдай шабуыл жасаған төрт майданның құрметіне КСРО 36 рет отшашу берді [1, 399-б.].

Қорыта келгенде, қазақстандықтар Белоруссия жерін фашист басқыншыларынан азат ету жолындағы күресте ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Әрбір қазақстандықтардың ерлігін шағын мақалаға сыйдыру мүмкін болмады. Басқа марапаттауларды айтпағанда 78 қазақстандық ең жоғарғы марапат Кеңес Одағының батыры атағын иеленді. Өкінішке қарай қаншама аталарымыз жан алысып, жан беріскен бұл соғыста шейіт

кетті. Аман қалғандары бүгінгі бейбіт күннің құрметіне бөленді. Қазіргі бейбіт күнде Белоруссиядағы қырғынға қатысқан ардагерлеріміз тек өз еліміздің ғана емес тағдырлас Белорус елінің де құрметіне бөленіп отыр. Ұлы жеңістің 65 және 70 жылдығы қарсаңында «Беларус Республикасының фашист басқыншыларынан азат болғанына 65, 70 жыл» мерекелік медалімен Белоруссияны азат етуге қатысқан қазақстандық көзі тірі барлық ардагерлер марапатталды [12]. Ардагерлеріміздің көретін күні көп болса мұндай құрмет әлі де көп болары сөзсіз.

### Әдебиеттер

- 1 Совет Одағының Ұлы Отан соғысы. – Алматы, 1985. – 687 б.
- 2 Белан П.С. На всех фронтах: казахстанцы в сражениях Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. – Алматы, 1995. – 336 с.
- 3 Бекбосын А. Оққа тосылған отжүрек // Егемен Қазақстан. – 2015. – 6 ақпан.
- 4 Тілеков Ж. Темір Самин. – Алматы, 1966. – 40 б.
- 5 Джетписбаев Б. Путь солдата. – Алматы, 1972. – 109-113 с.
- 6 Белан П.С. Казахстанцы в боях за освобождение Белоруссии и Советской Прибалтики (1941-1945 гг.). – Алматы, 1988. – 176 с.
- 7 Герой Советского Союза – казахстанцы. – Алматы, 1980.
- 8 Мунтаева С. // Путь Ленина. – 1968. – 8 март.
- 9 Байғожина Б. // Социалистік Қазақстан. – 1975. – 26 сәуір.
- 10 Тохтамышева М. // Джезказганская правда. – 1975. – 28 наурыз.
- 11 Шәріпов Ә. Кек жолында // Социалистік Қазақстан. – 1985. – 8 мамыр.
- 12 Нұғманбекова Р. Медальдар табыс етілді // Егемен Қазақстан. – 2014. – 04 қазан.

### References

- 1 Magni amans patriae Bellum Victoria in Fontes iuris Germanici antiqui. – Almaty, 1985. – 685 p.
- 2 Belan P.S. In omnesfrontes: Kazakhstan sane in proeliis pericula Magniamanspatriae Bellum of 1941-1945. – Almaty. 1995. – 336 p.
- 3 Bekbosin A. de medioignis Bullets // Kazakhstan veritatis. -2015. – 6 February.
- 4 Tilekov J. Railways Simin. – Almaty, 1966. – 40 p.
- 5 Dzhetsypysbaev B. Semita militis officia praestabat. – Almaty, 1972. – 109-113 cum.
- 6 Belan PS Kazakhs in proeliis pro liberatione Belarus et Balticum Fontes iuris Germanici antiqui (1941-1945 gg). – Almaty, 1988. – 176 p.
- 7 Cum Muntaeva // Lenina Put. – 1968. – 8 March.
- 8 Baygozhina B. // Socialist Qazakctan. – 1975. – 26 April.
- 9 Tuktamysheva M. // Zhezkazgan verum. – 1975. – 28 March.
- 10 Sharipov A. Kek jolında. – Socialist. – 1985. – 8 May.
- 11 Facta in fronte populi Kazakhstan // [http:// e- history.kz/kz/contents/view/847](http://e-history.kz/kz/contents/view/847)
- 12 Nuğmanbekova R. Gestet insignia erant Table // Egemen Kazakhstan. – 2014. – 04 Octobris.